

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 30 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібі бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 78, «жақтағандар» – 77. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібіндегі мәселені қарауға көшеміз.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын қызметтеріне тағайындау туралы.

Құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Республикасы Конституциясы 57-бабының 1) тармақшасына сәйкес Парламенттің әр Палатасы Конституциялық Соттың үш судьясын тағайындайды. Олар өз қызметтеріне 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап кіріседі.

Мәжіліс Регламентінің 89-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Палата Бюросының шешімімен Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетіне ұсынылған кандидатуралар бойынша қорытынды әзірлеу тапсырылған болатын.

Осыған байланысты сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына Қанат Сергейұлы Мусинді, Еркін Әнуарұлы Оңғарбаевты және Сергей Федорович Ударцевті тағайындау туралы Парламент Мәжілісі Төрағасының ұсынысы енгізілді.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 23-1-бабы 2-тармағына және Парламент Мәжілісі

Регламентінің 89-1-тармағына сәйкес Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің отырысында Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына осы тұлғалардың кандидатуралары қаралды.

Ұсынылған кандидатуралар заң және құқықтық салада көп жыл еңбек еткен білікті және тәжірибелі мамандар.

Қанат Сергейұлы Мусинді өздеріңіз жақсы білесіздер, құқық қорғау, әділет органдарында көп жыл еңбек етті, Парламент Мәжілісінің екі шақырылымының депутаты, комитет төрағасы болды. Қазіргі таңда еліміздің Әділет министрі болып табылады.

Еркін Әнуарұлы Оңғарбаев әйгілі ғалым, заң ғылымдарының докторы, конституциялық реформа бойынша жұмыс тобының мүшесі. Қазіргі уақытта Еуразия ұлттық университетінің проректоры.

Сергей Федорович Ударцев те атақты ғалым, заң ғылымдарының докторы, конституциялық реформа бойынша жұмыс тобының мүшесі, бұрын Конституциялық Соттың судьясы болған. Қазіргі таңда М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің Ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Аталған кандидатураларды қарау нәтижелері бойынша комитет оң қорытынды әзірледі.

Конституцияның 57-бабы 1)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына Парламент Мәжілісінің Төрағасы ұсынған Қанат Сергейұлы Мусиннің, Сергей Федорович Ударцевтің және Еркін Әнуарұлы Оңғарбаевтың кандидатураларын 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындауды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, қаулыларды дауыс беру арқылы жеке-жеке қабылдауды ұсынамын.

Әріптестер, Қанат Сергейұлы Мусинді Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың судьясы қызметіне тағайындау туралы қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 78, «жақтағандар» – 77. Қаулы қабылданды.

Келесі. Еркін Әнуарұлы Оңғарбаевты Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың судьясы қызметіне тағайындау туралы қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 78, «жақтағандар» – 78. Қаулы қабылданды.

Келесі. Сергей Федорович Ударцевті Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың судьясы қызметіне тағайындау туралы қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 78, «жақтағандар» – 77, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Сонымен, құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жаңа тағайындалған судьяларын барлық депутаттық корпус атынан құттықтаймыз, жұмыстарына табыс тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сөз Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Маған артқан сенімдеріңіз үшін алғысымды айтқым келеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен жаңадан құрылған Конституциялық Сот судьясы қызметімде өзімнің бар білімімді, тәжірибемді, күш-жігерімді саламын. Бұл мен үшін үлкен абырой. Сіздерге рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жұмыстарыңызға табыс, сәттілік тілейміз.

Құрметті әріптестер, жұмысымызды жалғастырайық.

Бүгін біз Парламент Мәжілісінің биылғы қорытынды жалпы отырысын өткізіп отырмыз.

2022 жыл шын мәнінде сындарлы әрі тарихи мезгіл болды.

Өткен бір жыл ішіндегі оқиғалар мемлекеттің, қоғамның болмысы мен табиғатын түбегейлі өзгертті десек, ол артық айтқандық емес.

Жыл басындағы қаңтар оқиғасы бәріміз үшін ауыр сынақ әрі сабақ болды. Сол сынақтарға жауап ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елде кең көлемді әрі батыл саяси реформаларды қолға алды. Бұл оң өзгерістерді жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыздың қызу қолдағанына бәріміз куәміз.

Қарашада өткен Президент сайлауындағы Қасым-Жомарт Кемелұлының әділ, таза әрі күмәнсіз жеңісі халқымыздың сол қолдауының айқын көрінісі. Себебі бүкіл қоғам бұл өзгерістердің әділет үшін, болашақ үшін ауадай қажет екенін жан-жүрегімен сезініп отыр.

Өздеріңіз де білесіздер, қазіргі уақытта ел азаматтарының ертеңгі күнге деген сенімі артып, үміті оянып келе жатыр. Ең бастысы біз осы сенімді жоғалтып алмауымыз керек.

Халқымызда «Әділеттің жолы – ауыр» деген сөз бар. Бірақ біз береке-бірлігіміздің арқасында қандай қиын жолды да абыроймен еңсереміз деп сенемін.

Міне, осы жолда Парламент Мәжілісінің депутаттары – әріптестер, сіздер де ерен еңбек еткендеріңізді атап өткім келеді.

Нами проведена большая законотворческая работа.

В первую очередь, принят блок конституционных поправок, которые по праву можно назвать историческими.

Мы своевременно и качественно обеспечили законодательную поддержку масштабным инициативам Главы государства.

Принят ряд законов, имеющих большую социальную значимость.

В числе которых законы по защите прав ребенка, улучшению качества жизни лиц с инвалидностью, противодействию финансовым пирамидам и амнистии и другие.

В целом, в работе Мажилиса в текущем году находилось 154 законопроекта. Рассмотрено и направлено в Сенат 93 законопроекта. 75 из них подписаны Главой нашего государства.

Кроме того, в этом году мы запустили работу Общественной приемной и Общественной палаты при Мажилисе. Все это говорит об открытости Мажилиса.

Алғаш рет Мәжіліс қабырғасында қаңтар оқиғасын тергеу барысының алдын ала қорытындысын ашық түрде талқыладық. Тәуелсіз Қазақстан тарихының ең бір қайғылы парағына айналған қанды оқиғаның жай-жапсарын талдап-талқылау жалғаса бермек. Бұл күрделі мәселе депутаттардың ұдайы назарында болады. Жаңа жыл басындағы алғашқы жиындардың бірінде оған тағы да арнайы оралатын боламыз.

Сонымен қатар біз осы жылдың ішінде барлық өңірлерде, ауыл-аймақта болдық. Жұртшылықтың мұң-мұқтажын бөлісіп, ашық, қоян-қолтық бірге жұмыс істедік. Осы үрдіс алдағы уақытта да белсенді түрде жалғасуы керек деп ойлаймын.

Құрметті депутаттар! Келер жылы біздің алдымызда бұдан да маңызды міндеттер тұр. Парламент Мәжілісі өз жұмысын жаңа конституциялық жағдайда бастайын деп отыр. Мәжіліс заңдарды дербес қабылдайтын болады.

2023 жылы Мәжіліс сайлауы өтеді. Бұл бізге тікелей қатысы бар. Ашық бәсекелестік күресте біз азаматтардың қолдауына ие болуымыз қажет. Сондықтан қарқынымызды бәсеңдетпей, белсенді жұмыс істеуді жалғастыру маңызды.

Құрметті әріптестер! Мәжіліске жүктелген міндеттерді абыроймен атқарғандарыңыз үшін баршаңызға зор ризашылық білдіремін.

Сіздерді келе жатқан жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Жеке бастарыңызға амандық пен зор денсаулық тілеймін, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. 2023 жыл еліміз үшін жаңа жетістіктер мен жаңа табыстарға толы болсын!

Осымен Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Келесі жылы аман-есен кездесейік. Рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 30 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын қызметтеріне тағайындау туралы

О назначении на должности судей Конституционного Суда Республики Казахстан

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы А.Т. ҚОЖАХМЕТОВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по законодательству и судебной-правовой реформе КОЖАХМЕТОВА А.Т. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МУСИН Қ.С. – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы, судья Конституционного Суда Республики Казахстан 3

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ҚҰСАЙЫНОВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА